
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-1.17-2026 31.03.2026 ж.
	<u>Қағида</u> нормативтік құжат түрі	14 беттің 1-ші беті


**ҚР МАМ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РММ
СТИПЕНДИЯ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚАҒИДА**

Алматы
2026 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.68-2026 27.02.2026 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	14 беттің 2-ші беті


АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Академиялық мәселелер қызметі
2. **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «31» наурыз 2026 жылы № 9 хаттама № 6 баспа
3. **ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ** 2023 жылғы «30» қарашадағы № 5 баспаның орнына
4. **МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** 3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.68-2026 27.02.2026 ж.
	Қағида <u>нормативтік құжат түрі</u>	14 беттің 3-ші беті

МАЗМҰНЫ

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	4
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
3. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
4. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	5
5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	6
6. МЕМЛЕКЕТТІК СТИПЕНДИЯЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ.....	6
7. МЕМЛЕКЕТТІК СТИПЕНДИЯНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ.....	8
8. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫН ПРЕЗИДЕНТІ БЕЛГІЛЕЙТІН СТИПЕНДИЯЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ.....	10
9. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ.....	13
10. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	14

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.68-2026 27.02.2026 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	14 беттің 4-ші беті


«Бекітілді»
 «Темірбек Жүргенов атындағы
 Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
 Ғылыми кеңесінің шешімімен
 «31» наурыз 2026 жыл № 9 хаттама
 Ғылыми кеңес төрағасы
 А. Ж. Дебаев

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1. Осы стипендия тағайындау туралы Қағида Академияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сапа менеджменті жүйелеріне тексеру жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан (олардың талап етуі бойынша) басқа тұлғаларға ұсынылуға жатпайды.
2. Осы Қағиданың талаптары Академияның барлық қызметтері мен құрылымдық бөлімшелеріне, кафедралары мен деканаттарына қолданылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

3. Осы Қағидада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:
 - 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;
 - 2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;
 - 3) «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
 - 4) «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;
 - 5) Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысы;
 - 6) Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияны тағайындау қағидалары ҚР БҒМ 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 136 Бұйрығы;
 - 7) ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-нің Жарғысы;
 - 8) ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-нің 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы.


	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.68-2026 27.02.2026 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	14 беттің 5-ші беті

3. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
 ҚР МАМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
 МЖМБС – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары
 ЖЖОКБҰ – Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
 ББТ – Білім беру бағдарламасының тобы
 ББ – Білім беру бағдарламасы
 ЖОЖ – Жеке оқу жоспары
 ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары
 ҚА – Қорытынды Аттестация
 КЕ – Кешенді емтихан
 GPA – Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average)
 ОТ – Офис тіркеуші бөлімі

4. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

4. Мемлекеттік стипендия – білім алушыға тамақтану, тұру және оқу әдебиеттерін сатып алу шығындарын ішінара жабу үшін берілетін ақша сомасы;
5. Мемлекеттік атаулы стипендия – Қазақстан Республикасының Президенті және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін стипендия; Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген Стипендия Академияның Ғылыми кеңестерінің шешімдері негізінде күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының неғұрлым дарынды магистранттарына және Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларына төленеді.
6. Білім алушы – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алатын тұлға;
7. Магистрант – магистратурада оқитын тұлға;
8. Білім алушыларды аралық аттестаттау – емтихан сессиясы кезеңінде білім алушылардың оқу пәнінің оқу аяқталғаннан кейін оның бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.68-2026 27.02.2026 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	14 беттің 6-ші беті

9. Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) – оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шаралары, кәсіби тәжірибелер өткізілу күндерін, сондай-ақ демалыс күндері (демалыс және мереке күндері) көрсетілген күнтізбе;

10. Академиялық кезең (Academic Term) – теориялық оқыту кезеңі: ұзақтығы 15 аптаға созылатын семестр;

11. Академиялық демалыс – бұл білім алушылар, магистранттардың денсаулық жағдайына байланысты, соның ішінде жүкті болу және босану, 3 жасқа дейінгі балаға күтім жасау немесе Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер қатарына шақырылған кезде уақытша оқуын тоқтататын кезеңі.

12. Апелляция (Appeal) – білім алушылардың білімін объективті бағалауға ықпал еткен факторларды анықтау және жою үшін жүргізілетін рәсім;

13. Оқу жетістіктерін бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесі – білім жетістіктерінің деңгейін баллмен бағалайтын, цифрлық эквиваленті бар және халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін, білім алушылардың рейтингін анықтауға мүмкіндік беретін жүйе;

14. Жеке оқу жоспары – үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушылардың әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары;


15. Офис-тіркеуші бөлімі – білім алушының оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін Академиялық қызмет.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16. Осы Қағида Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында (бұдан әрі – Академия) оқитын білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған стипендияларды тағайындау, төлеу тәртібі мен олардың мөлшерін айқындайды.

6. МЕМЛЕКЕТТІК СТИПЕНДИЯЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

17. Мемлекеттік стипендия мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысына ауыстырылған білім алушыларға, емтихан сессиясы немесе аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша «өте жақсы» немесе «жақсы» бағаларына сәйкес келетін балл алған жағдайда беріледі. Қорытынды бақылау (емтихан) нәтижесі бойынша «FX» («қанағаттанарлықсыз») бағасын алған білім алушылар қайта тапсыру нәтижелеріне қарамастан, келесі академиялық кезеңге (семестрге) мемлекеттік стипендия алу құқығынан айырылады. «FX» бағасын қайта

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.68-2026 27.02.2026 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	14 беттің 7-ші беті

тапсыру академиялық күнтізбеге сәйкес бір реттен артық болмайды және ол тек академиялық берешекті жою үшін ғана қолданылады, стипендия алу құқығын қалпына келтіруге негіз болмайды.

18. Докторанттарға мемлекеттік стипендия бүкіл оқу мерзіміне тағайындалады және аралық аттестаттаудың (емтихан сессиясының) нәтижелеріне қарамастан барлық оқу кезеңі ішінде төленеді.

19. Бірінші академиялық кезеңге арналған мемлекеттік стипендия мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бірінші курсқа (оқудың бірінші жылына) қабылданған барлық білім алушыларға, магистранттарға тағайындалады және 1 қыркүйектен немесе 1 қаңтардан бастап бірінші академиялық кезең мен демалыс аяқталғанға дейін ай сайын төленеді.

Кейінгі академиялық кезеңдерде мемлекеттік стипендия білім алушыларға, магистранттарға тағайындалады және осы Қағидалардың 6-тарауының 1-тармағына сәйкес алдыңғы академиялық кезең үшін аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша төленеді.

20. Академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде аралық аттестациядан (емтихан сессиясынан) өте алмаған білім алушыларға, магистранттарға және докторанттарға, негізді себептерге байланысты (ауру, отбасылық жағдайлар, дүлей апаттар, академиялық немесе кредиттік ұтқырлық бойынша оқу) білім алушы ұсынған растайтын құжаттарға сүйене отырып, аралық аттестацияны (емтихан сессиясын) тапсыру үшін жеке мерзімдер белгіленеді.


Аралық аттестация (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша осы санаттағы білім алушыларға мемлекеттік стипендия осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тағайындалады.

21. Академиялық демалыстан оралған білім алушылар мен магистранттарға мемлекеттік стипендия оқу жоспарларындағы академиялық айырмашылықтар жойылғаннан кейін осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен беріледі.

22. Сырқатына байланысты қайта оқуға қалдырылған білім алушыларға, магистранттарға мемлекеттік стипендия олар оралған кезден бастап мемлекеттік стипендия оқу жоспары орындалған алдыңғы семестрдің қорытындылары бойынша осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тағайындалады.

23. Туберкулезбен ауыратын білім алушыларға, магистранттарға, докторанттарға тиісті медициналық қорытынды болған кезде мемлекеттік стипендия еңбекке жарамсыздық кезеңі үшін, бірақ алдыңғы семестрдің қорытындыларына қарамастан, еңбекке жарамсыздық басталған күннен бастап он айдан аспайтын мерзімге тағайындалады.

24. Стипендияларды тағайындау Офис тіркеуші бөлімі басшысының қызметтік жазбасы негізінде Академия ректорының (немесе оның міндетін

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.68-2026 27.02.2026 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	14 беттің 8-ші беті

атқарушы тұлғаның) бұйрығымен ресімделеді. Құжат әрбір емтихан сессиясының қорытындылары бойынша жиынтық емтихан ведомостарына сәйкес қалыптастырылады.

25. Білім алушылар, магистранттар, докторанттар бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты академиялық демалыста болған кезеңінде мемлекеттік стипендия тағайындалмайды.

26. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алатын көру қабілеті нашар адамдарға және есту қабілеті нашар адамдарға, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылықта (қамқоршылықта) жүрген балаларға мемлекеттік стипендия растайтын құжаттар ұсынылған күннен бастап және емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық берешек болмаған кезде жоғарылату ескеріле отырып тағайындалады.

7. МЕМЛЕКЕТТІК СТИПЕНДИЯНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

27. Мемлекеттік стипендия төлемдері толық ай көлемінде, бөлінбей жүзеге асырылады, ал алушылардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі 15-ші күнгі жағдай бойынша тексерілгеннен кейін ғана жүргізіледі. Бірінші курс бірінші семестрде оқитын білім алушылардың сәйкестік тексеруі қыркүйек айында 30 қыркүйек жағдайына сәйкес жүргізіледі, ал кейінгі айларда 15-ші күнгі жағдай бойынша осы Қағидалардың 7-тарау 13-бабында көрсетілген фактілерді анықтау үшін жүргізіледі.


28. Мемлекеттік стипендияларды төлеу олардың сомаларын банкте ашылған ағымдағы шотқа аудару жолымен жүзеге асырылады.

29. Мемлекеттік стипендия аралық аттестаттаудан (емтихан сессиясы) және демалыстан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап, академиялық кезең, аралық аттестаттау және демалыс аяқталатын айдың соңына дейін ай сайын төленеді. Бітіруші курстардың білім алушыларына мемлекеттік стипендия білім беру ұйымдарын бітіруіне байланысты оқудан шығарылған күнге дейінгі кезең үшін төленеді.

30. Мемлекеттік стипендияға ұсынылған білім алушылар мен магистранттарға жазғы демалыс кезеңі үшін (шілде, тамыз) мемлекеттік стипендия екі айдың көлемінде толық төленеді.

31. Кәсіби тәжірибе, жазғы демалыс, сондай-ақ еңбек ақы төленетін жұмыс орындары мен лауазымдарда жұмыс істеу кезеңінде білім алушылар мен магистранттарға мемлекеттік стипендия осы Қағидалардың 7-тарау 3-бабында белгіленген тәртіппен төленеді.

32. Білім алушылардың, магистранттардың және докторанттардың академиялық демалыста болған кезеңінде медициналық қорытынды

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.68-2026 27.02.2026 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	14 беттің 9-ші беті

(дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы) негізінде берілген академиялық демалыстарды қоспағанда, мемлекеттік стипендия төленбейді.

33. Білім алушыларға, магистранттарға, докторанттарға жүктілігі және босануы бойынша демалыс кезеңінде мемлекеттік стипендия Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген барлық мерзім ішінде жүктілігі және босануы бойынша демалысқа шыққанға дейін белгіленген мөлшерде төленеді.

Академиялық демалыс кезеңінде жүктілігіне және босануына байланысты уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы анықтама ұсынылған кезде академиялық демалыс тоқтатылып, жүктілігіне және босануына байланысты демалыс ресімделеді.

34. Экологиялық апат аймағында тұратын білім алушыларға «Арал маңындағы экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес экологиялық қолайсыз жағдайларда тұрғаны үшін коэффициентті қолдана отырып, стипендияға ақы төлеу белгіленеді.


35. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алатын көру және есту қабілеті жағынан мүгедектігі бар, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқорлыққа) алынған білім алушылар мен аралық аттестация (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша тек «өте жақсы» баға алған білім алушыларға және магистранттарға көтермеленген мемлекеттік стипендия алу құқығы беріледі.

36. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық мемлекеттік қамтамасыз етуде тұрған білім алушылар мен магистранттарға мемлекеттік стипендия тиісінше білім алушылар мен магистранттардың мемлекеттік стипендиясы мөлшерінің 50 (елу) пайызы мөлшерінде белгіленеді.

37. Академиялық демалыста жүрген білім алушыларға, магистранттарға және докторанттарға медициналық қорытынды негізінде академиялық демалыс уақытында мемлекеттік стипендия білім алушылардың, магистранттар мен докторанттардың мемлекеттік стипендиясының мөлшеріне сәйкес 50 (елу) пайыз (мүгедектігі бар адамдарға – 75 (жетпіс бес) пайыз) мөлшерінде белгіленеді.

38. Төлемдерді тағайындау немесе тоқтата тұру дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ДКК) медициналық қорытындысына сәйкес дайындалған деканның қызметтік жазбасы негізінде ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

39. Мемлекеттік стипендияларды төлеуді тоқтату Академия ректорының тиісті бұйрық шығаруы арқылы келесі жағдайларда жүзеге асырылады:


	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.68-2026 27.02.2026 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	14 беттің 10-ші беті

- 1) білім алушы оқу орнынан шығарылған (оқудан шығарылған) жағдайда, шығару (оқудан шығару) себептеріне қарамастан;
- 2) білім алушы қайтыс болған жағдайда;
- 3) білім алушы оқуын аяқтағаннан кейін, оқуды бітіру туралы бұйрық шыққан күннен бастап.

№ р/н	Стипендияттардың тізімі	Мемлекеттік стипендияның белгіленген мөлшерін пайызбен арттыру, %
1	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алатын көру қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға және есту қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға	75
2	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алатын, «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген білім алушыларға, магистранттарға	50
3	Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және азаматтардың қамқорлығындағы (қорғаншылығындағы) балалар қатарындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын білім алушыларға, магистранттарға	30
4	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алатын, емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тек «үздік» деген бағалары бар білім алушыларға, магистранттарға (мемлекеттік атаулы стипендиялар мен Қазақстан Республикасы Президентінің стипендияларын алатын білім алушылардан басқа)	15

8. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ БЕЛГІЛЕГЕН СТИПЕНДИЯЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

40. Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған Стипендия Академияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде күндізгі оқу нысанындағы дарынды білім алушылар мен магистранттарға төленеді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.68-2026 27.02.2026 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	14 беттің 11-ші беті

41. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі жыл сайын өнер жоғары оқу орындары арасында Стипендиялар санын бөледі.

42. Стипендия бағытталған:

- 1) білім алушылар мен магистранттардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыруға;
- 2) ең талантты және дарынды білім алушылар мен магистранттарды қолдауға;
- 3) зияткерлік әлеуетті қалыптастыруға жәрдемдесуге.

43. Стипендия күндізгі бөлімнің 3-курсын оқитын білім алушыларға және екінші оқу жылынан бастап магистранттарға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде «өте жақсы» бағалармен оқитындарға (А, А-) беріледі.

44. Стипендия келесі санаттағы білім алушыларға тағайындалады:


- 1) республикалық және халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық байқаулардың, спорттық жарыстардың, фестивальдардың жеңімпаздары немесе жаңалықтардың, өнер табыстардың авторларына;
- 2) ғылыми еңбектер жинағында, республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдардың барларға;
- 3) ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатын, жетістіктері дипломдармен, грамоталармен, сертификаттармен, куәліктермен расталғандарға;
- 4) Академияның қоғамдық және мәдени өміріне белсенді қатысатындар, сондай-ақ олимпиадалардың, халықаралық жарыстардың, фестивальдердің лауреаттары мен жеңімпаздарына.

45. Стипендияны тағайындау Академия ректорының бұйрығымен, Ғылыми кеңестің шешіміне сәйкес, ҚР МАМ «Қазақстан Республикасының Президенті стипендиясын жоғары оқу орындары арасында ағымдағы жылға бөлу туралы» бұйрығына сай жүзеге асырылады.

1) факультет декандары ҚР Президентінің стипендиясын тағайындауға факультеттің Ғылыми кеңесінің хаттамасы негізінде қызметтік жазбалар ұсынады, білім алушының транскриптің, грамоталарын, сауалнамаларын қоса береді. Факультет декандары қысқы және жазғы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша қызметтік жазбалар ұсынады.

2) Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы ағымдағы оқу жылына арналған «Қазақстан Республикасы Президентінің жоғары оқу орындары бойынша стипендиясын бөлу туралы» ҚР МАМ бұйрығына сәйкес Ғылыми кеңесте қарауға шығарады.

3) Академия ректоры Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ҚР Президенті тағайындайтын стипендиясын тағайындайды (бұйрық шығарылады).

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.68-2026 27.02.2026 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	14 беттің 12-ші беті

46. Академияның Ғылыми Кеңесінің шешіміне сәйкес стипендия бір адамға бірнеше рет берілуі мүмкін.

47. Стипендия тағайындау кезінде үміткерлерді іріктеу осы Қағидалардың 8-тарауының 4, 5-тармақтарында жазылған өлшемшарттарды ұстану тәртібімен жүзеге асырылады. Тең жағдайда, артықшылығы бар:

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар.


48. Академияда осы Қағидалардың 8-тарауының 4, 5-тармақтарының өлшемшарттарын қанағаттандыратын стипендия тағайындауға үміткерлер болмаған кезде Академия академиялық кезең басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын уәкілетті органға стипендиялардың белгілі бір санынан бас тарту туралы ақпаратты ұсынады.

49. Стипендияларды төлеу ай сайын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.







**Академиялық мәселелер
жөніндегі қызметінің басшысы**



Г. Әбдірахман

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.68-2026 27.02.2026 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	14 беттің 13-ші беті

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы		Г. Әбдірахман
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Ш. Ергөбек
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор		К. Халыков
Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор		Е. Толыбаев
Заң бөлімінің басшысы		Г. Сейтбекова
Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		А. Молдабаева

